«8D01713 – Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Юсупова Гузал Таджихановнаның «Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Диссертацияның өзектілігі. Қазіргі заманғы білім беру экономикалық, әлуметтік және мәдени дамуына айтарлықтай әсер ететін маңызды фактор болып саналады. Ол – жаһандану, инновациялық прогресс және ақпараттық қоғамның дамуымен байланысты динамикалық өзгерістер және ұлттық бәсекеге қабілеттілікті нығайту үшін маңызды ресурс. Отандық білім берудің негізгі міндеттерінің бірі еңбек нарығының тез өзгеретін жағдайларына бейімделуге, цифрлық экономикада сәтті жұмыс істеуге және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім берудің мақсаттары анықталған: жеке тұлғаның жан - жақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету, жаһандану және Қазақстанның халықаралық қауымдастыққа интеграциялану жағдайында тиімді жұмыс істей алатын жоғары білікті мамандарды даярлау. Білім беру ұйымдарында білім беру мен ғылымды біріктіру, оқу және жетілдіру, жаңа оқыту технологияларын әзірлеу және еңгізу, мұғалімдердің біліктілігін арттыруды және тиісті инфроқұрылымын қамтамасыз ету мақсатында оқу, әдістемелік және ғылыми жұмыстар жүргізу. Шетел тілдерін оқыту саласындағы білікті мамандар – жаңа формациядағы мұғалімдер – тиісті ақпаратты өз бетінше таба алатын, өңдей және талдай алатын, сондай-ақ оны тиімді пайдалана алатын, мұндай мамандар кәсіби маңызды мәселелерді өзбетінше және шығармашылықпен тұжырымдап, шеше алатын, сондай-ақ білім беру үдерісіне инновациялар енгізуі керек. Зерттеудың өзектілігін талдау барысында болашақ мұғалімдердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті цифрлық мәнмәтін арқылы қалыптастырудың жүзеге асыруда қоғамның сұранысы мен педагогика ғылымында оның теориялық және практикалық негізделуі арасында қарама-қайшылықтар бар екені айқындалды:

– болашақ мұғалімдердің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті цифрлық мәнмәтін арқылы қалыптастырудың қажеттілігі мен оның зерттелу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;

– цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау маңыздылығы мен оны жүзеге асыру әдістемесінің жасалмағандығы арасында.

Осы қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау», – деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеу жұмысы 2025-2027 жылдар аралығында «AP26100839 Туризм саласының мамандарына шет тілін оқытуда геймификацияны қолдану арқылы

иммерсивті білім беру ортасын педагогикалық жобалау» атты мемлекеттік ғылыми қаржыландырылған жоба аясында орындалған.

Зерттеу нысаны: цифрландыру мәнмәтінінде жоғары оқу орнында шетел тілінің болашақ мұғалімдерін даярлау үдерісі.

Зерттеу пәні: шеттілді білім беруді цифрландыру мәнмәтініде шетел тілінің болашақ мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

Зерттеу мақсаты: мәдениаралық кәсіби – ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру арқылы, теориялық-әдіснамалық жағынан негіздей отырып цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлау әдістемесін әзірлеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы оның тиімділігін дәлелдеу.

Зерттеудің мақсаты мен гипотезасы **зерттеудің келесі міндеттерін** тұжырымдауға мүмкіндік берді:

– мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің мәні мен мазмұнын ашу және оның компоненттік құрамын айқындау;

– шеттілдік білім беру барысында мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тенденцияларды негіздеу;

– болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлау әдістемесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтау;

– цифрлық қызметтің негізі ретінде болашақ шетел тілі мұғалімін кәсіби даярлаудың қалыптастырушы моделін әзірлеу;

– цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімін мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастырудың әдістемесін ұсыну және оның тиімділігін эксперименттік тексеруден өткізіп дәлелдеу.

Зерттеу **болжамы: егер** шеттілді мәдениаралық коммуникацияны мәнмәтіндік оқыту негізін кәсіби-коммуникативтік, құзыреттілік, тұлғалық-әрекеттік тәсілдер айқындаса;

мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру құралы ретінде цифрлық технологиялар модулі оның орталық білім беру үрдісін үнемі жаңарту негізделінсе, *онда* болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігінің нәтижелілігі елеулі көтеріледі, шетел тілін оқыту тиімді іске асырылады, *өйткені* модельдың негізінде когнитивтік-лингвокультурологиялық әдіснама жатыр.

Зерттеудің жетекші идеясы: иммерсивті-коммуникативтік технологиялардың болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінің интеграциясы түбегейлі жаңа интегративті феноменнің- білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде педагогті даярлаудың кәсіби тұжырымдамасын жүзеге асырудың жүйе құраушы факторы ретінде әрекет ететін мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал етеді.

Зерттеу әдістері: жұмыста – зерттеу проблемасы бойынша лингводидактикалық, әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау; жинақтау, құрылымдау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау; – эмпирикалық әдістер: сауалнама жүргізу, бақылау, диагностика,

педагогикалық эксперимент, сараптамалық бағалау; – мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістері; шкалаларын есептеу, динамикалық өзгерістерді талдау әдістері пайдаланылды.

Зерттеудің дереккөздері: үздіксіз педагогикалық білім беру туралы ресми құжаттар (заңдар, тұжырымдамалар, бағдарламалар және т.б.); цифрландыру мәнмәтінінде білім беру үдерісі туралы педагогикалық оқу бағдарламалары, оқулықтар мен электрондық оқу құралдары, мерзімдік ғылыми-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары, мерзімдік ғылыми – әдістемелік басылымдар, педагогикалық тәжірибелер, халықаралық есептер мен мәтериалдар (TALIS, CEFR) зерттеу барысындағы авторлық жеке педагогикалық іс-тәжірибесі.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: тұлғалық-әрекеттік тәсіл бойынша еңбектер (Л.С.Выготский, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдова, С.М. Джакупов); құзыреттілік білім беру саласындағы зерттеулер (А.А. Вербицкий, Н.А. Кокорина, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской С.С. Кунанбаева, С.А. Узакбаева, А.Н. Жорабекова, А.М. Шакиева); мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреті саласындағы жұмыстар (М. Байрам, D.K. Deardorff, A.E. Fantini, И.Л. Плужник, П.В. Сысоев, П.К. Елубаева, У.К. Орынбаева); кәсіби-коммуникативтік саласындағы шығармалар (С.С. Кунанбаева, К.К. Дуйсекова, Т. Михайлова А.К. Маркова, C. Dodd, N. Spada, K. Brandl); болашақ шетел тілі мұғалімдерінің шеттілді білім беруді цифрландыру саласындағы еңбектер (Д.М. Джусубалиева, Н.У. Нургалиева, А.Т. Чакликова, Т.А. Кульгильдинова Ш.А. Жубанова, А.И. Артыкбаева, Е.В. Тожигулова, М.Г. Соколова, А.А. Андреев, Е.С. Полат, А.Ю. Уваров, М.В. Кузьминова, Ю.Н. Афанасьев, Ю.В. Корнилов, D. Buckingham, C.A. Hafner, K. Courville, L. Lelu).

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың негізгі элементі ретінде мәдениаралық кәсіби –ақпараттық құзыреттіліктің ұғымы, мәні және құрамдас бөлігі ізденістерге қосылған елеулі үлес болып табылады.

Зерттеудің теориялық маңызы – цифрландыру, кәсіптік даярлау, ұғымдары және ақпараттық-коммуникациялық, цифрлық-функционалдық, инновациялық-интегративті принциптер технологиялардың біртұтас жүйеде үйлесуін қамтасыз етеді. Цифрландыру мәнмәтінінде білім беру процесінде ақпараттық ресуртары және мазмұны шетел тілін үйретуге тиімді пайдалануға үлес қосады.

Кәсіби-коммуникативтік, құзыреттілік, және тұлғалық -әрекеттік тәсілдер логикасында нақтылаудан; нормативтік талаптарды, цифрлық ерекшеліктерді және үрдістер, моделді негіздеуден, ерте шетел тілін оқытудан тұрады. Зерттеу ағылшын тілін оқыту аспектісінде мұғалімдердің педагогикалық құзыреттілігі мен үздіксіз кәсіби білімінің заманауи теорияларын толықтырады.

Жоғары педагогикалық білім беру мекемелерінің және әдістемелік сүйемелдеу жүйесінің қызметінде әзірленген моделі, диагностикалық критерийлер және оқу-әдістемелік материалдары (цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел

тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби – ақпараттық құзыретін қалыптастыру модулі, кейстері, сабақты жоспарлау үлгілері, бақылау парақтары, қалыптастырушы бағалау айдарлары) пайдалану мүмкіндігімен айқындалады. Модель мен модуль болашақ шетел тілі мұғалімдердің бағдарламаларына енгізілуі мүмкін, ал әзірленген критерийлер мен көрсеткіштер мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілік деңгейін диагностикалау және бақылау үшін қолданылады.

Сонымен қатар иммерсивті оқыту технологияларды, интерактивті оқыту әдістерді (контекстік-стратегиялық және иммерсивтік-коммуникативтік тапсырмалар) модульдік-құзыреттілік жүйесін, сондай-ақ ақпараттық-лингводидактикалық сипаттарын шетел тіліндегі цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға болады.

– «Шетел тілін оқыту әдістемесі және білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде кәсіби ағылшын тілі» оқу-әдістемелік кешенін шетел тілі мұғалімдері сабақтарда қолдана алады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы:

1. Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің мәні мен мазмұны нақтыланды, оның тілдік және әдістемелік құзыреттіліктермен байланысы көрсетілді, және оның тілдік және әдістемелік субқұзыреттіліктермен байланысы көрсетілді.

2. Мемлекеттік білім беру стандарттары, «Педагог» кәсіптік стандарты, болашақ шетел тілі мұғалімдерін мәдениаралық кәсіби- ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған үрдістер теориялық тұрғыдан негіздейді.

3. Болашақ шетел тілі мұғалімін мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін дамытудың моделі өзара байланысты модульдерді қамтитын жүйесі әзірленді және теориялық негізделді: бастапқы деңгейдегі диагностика, бақылау және рефлексия; педагог және білім беру процесі деңгейінде модельді іске асырудың күтілетін нәтижелері анықталды.

4. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің цифрлық қызметінің негізі ретінде мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілік деңгейін бағалау үшін диагностикалық критерийлермен сәйкестендірілді және «Шетел тілін оқыту әдістемесі және білім беруді цифрландыру мәнмәтінінде кәсіби ағылшын тілі» оқу-әдістемелік кешені әзірленді.

5. Цифрландыру мәнмәтінінде болашақ шетел тілі мұғалімін мәдениаралық кәсіби – ақпараттық құзыреттілікті дамытудың әзірленген моделінің тиімділігі эксперименталды түрде тексерілді: кіріс және қорытынды сауалнама деректерін салыстыру, шкалаларды есептеу, бақылау парақтарын талдау және кореляциялық талдау негізінде мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттіліктің барлық компоненттері бойынша оң динамика аниқталды, қалыптастырудың әдістемесі ұсынылды және оның тиімділігі эксперименттік тексеруден өткізіліп дәлелденді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Болашақ мұғалімнің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігі шетел тілін меңгеруге, тиімді оқыту, ақпаратты іздеу, талдау, құру және оны

заманауи цифрлық мәнмәтінде пайдалану, кәсіби оқыту нәтижелерін жеткізу қабілеті болып табылады. Бұл құзыреттілік біз ұсынған мәдениаралық-когнитивтік, контексттік-топтастырушы және интерактивті-дидактикалық субқұзыреттерден тұрады.

2. Болашақ шетел тілі мұғалімдері білім беру үдерісінде заманауи цифрлық технологиялар арқылы сабақты тиімді құрастыруға, мәтінмен жұмыс жасай отырып сыни ойлауға, логикалық талдау жасауға саналы түрде мүмкіндік алады. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби қызметке жан-жақты дайындау үдерісі сонымен қатар оқыту әдістемесі, педагогикалық шеберлігі, цифрлық технологиялары оқу материалының мазмұнын визуалды тұрғыдан тартымды етуге студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға жағдай жасайды.

3. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру моделі сөйлеу әрекетінің негізі ретінде мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық, прцессуалды, бағалау және нәтижелік компоненттер арқылы теориялық және практикалық аспектілерін біріктіреді және болашақ кәсіби қызмет аясында болашақ шетел тілі мұғалімдерін шетел тілін оқуға деген белсенділігін арттырады.

4. Біз ұсынған әдістемелік жүйенің ғылыми-теориялық негізін а) әдіснамалық тәсілдер: кәсіби-коммуникативтік; құзыреттілік; тұлғалық-әрекеттік; б) үрдістер: болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіптік оқыту мәдениаралық теориясымен байланысы, мәтіндік әрекет, шетел тілін кәсіптік бағытталған оқыту цыфрлық мәнмәтінде пайдалану және контексттік технология және инновациялық әдістер құрайды.

5. Мәдениаралық кәсіби-ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесін жүзеге асыру бастапқы, прагматикалық және ілгері кезеңдерді және эксперименттік тексеруді қамтиды. Бұл кезеңдердің кәсіби дағдылар деңгейін арттыруға және сұбқұзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мазмұны арқылы жиынтығы болып табылады.

Зерттеудің талқылануы мен мақұлдануы. Диссертацияның қорытындылары мен нәтижелері басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда ғылыми мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті БҒССКК ұсынған тізімге енетін журналдарда 6 мақала жарияланды, РҒДИ материалдары бойынша 2 мақала, шетелдік және халықаралық конференциялар материалдарында 4 мақала жарияланды.

Жұмыстың құрылымы: диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш негізгі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.